

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Қамқоршылық кеңес отырысы
№3 хаттамасы

«13» «10» 2023 жыл

Қатысушылар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, 10 топ ата-аналар комитетінің төрағалары, әкімшілік, кәсіподақ комитетінің төрайымы және №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының педагогтары

Күн тәртібінде:

1. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы, Қамқоршылық кеңесінің педагогикалық ұжымының өткен жылғы жұмысының қорытындылары.
2. 2023-2026 жылдарға арналған №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының даму бағдарламасына сәйкес Қамқоршылық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
3. Әртүрлі.

Тыңдалды:

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша басшысы А.Ж.Уркимбаева қатысушыларды мектепке дейінгі ұйымның паспортымен және 2022 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның жұмыс нәтижелерімен таныстырды.

Бұдан әрі Қамқоршылық кеңес мүшелерін мектепке дейінгі ұйымның Материалдық-техникалық базасының құрамымен таныстырды: Бөбекжай-балабақшасында 10 топ, барлық бала саны-280, оның 7 тобында оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны-26, оның 14 (54%) жоғары білімі бар, мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша 18 (69%) педагог қызмет етеді. Жоғары білікті педагогтер жұмыста заманауи, алдыңғы қатарлы халықаралық және республикалық тәжірибелерді қолданады.

2019 жылы – профилактикалық мемлекеттік бақылаудан өтті.

2023 жылы мамыр айында МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы ҚР Оқу ағарту министрлігінің Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті мемлекеттік мекемесінің тексерісінен өтті.

Материалдық-техникалық базасы.

Жоба қуаттылығы - 280 орын. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Басымдықтардың бірі - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: мамандандырылған күзеті бар аумағы заманауи абаттандырылған, электрондық өткізу жүйесі (турникет), бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (26 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кеңестік даму ортасы.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар мен мүмкіндіктері шектеулі келушілер үшін №39 "Достық" бөбекжай-балабақшасының аумағында және ғимаратында арнайы жағдайлар жасалған: пандус, тактильді жолдар, брайль тақтайшалары, мнемодиагносталар, сигналдық белгілер, кең кіреберістер (1,5м) жасалынды, дәретханалардағы арнайы құрылғылар. Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен 03.03.2022 жылда бекітілген әлеуметтік инфрақұрылым объектісінің кедергісіз орта Паспорты бар. 28 педагог инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстан өтті.

Инновациялар:

2014-2022 жж. республикалық «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарлама бойынша пилоттық мекеме болып тағайындалған.

2013-2015 жж. республикалық эксперимент «Мектепке дейінгі ұйымда жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу»

2012-2016 жж. облыстық эксперимент «Мектеп жасына дейінгі балаға тілдің үш тұғырлығы арқылы көп тілділікті қалыптастыру»;

2012-2016ж. облыстық эксперимент «Экологиялық тәрбиеге -шығармашылық ЭКО зертхана».

2019-2022 жж. облыстық эксперимент «Замануи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру».

2018 ж. бастап «Теннис до 10» қалалық эксперимент.

Жетістіктері: Соңғы 3 жылда МДҰ педагогтары білім беруге бағытталған 26 адаптивтік бағдарлама, 14 педагогтың әдістемелік жұмыстары облыстық жинақтан жарық көрді. Жыл сайын МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталды.

Балабақшаның менгерушісі: Уркимбаева А.Ж. Жалпы еңбек өтілі - 35 жыл жоғары, жоғары білімді, 2022 жылдан бастап «Басшы-Көшбасшы» біліктілік санаты бар.

2017 жылда Ы.Алтынсарин төс белгісі және 2021 жылда «Мейірім-әлемге махаббатпен» А.Аймағамбетов білім министрінің төс белгісімен марапатталды.

Қамқоршылық кеңестің функциялары

Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесі:

1) мектепке дейінгі ұйымды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3) мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) мектепке дейінгі ұйымның жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді келіседі;

5) мектепке дейінгі ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

6) тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға, олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

7) санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

8) мектепке дейінгі ұйым басшысының мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тындайды;

9) қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады;

10) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерген көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, ерекше білім алуды қажет ететін

балаларды, дарынды балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

11) мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізуге жәрдемдеседі;

12) ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне анонимді сауалнама жүргізу арқылы мектепке дейінгі ұйымда оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

13) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;

14) мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелерде және спорт секцияларына қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

15) педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналыстарын өткізеді;

16) педагогтер, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;

17) мектепке дейінгі ұйым қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуге жәрдемдеседі;

18) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

2023 жылғы Қамқоршылық кеңес құрамына мыналар кірді:

1. Бегалиева Гульназ Жумалиевна - Жеке кәсіпкер, Кеңес төрағасы
2. Серимбетова Бибижамал Кабидуллаевна - Педагогикалық еңбек ардагері
3. Мағзимбетова Айгерим Қдырбаевна – Руководитель ИП «Алихан»
4. Мамбетова Әсель Жарамазанқызы - Ақтөбе сот сараптама орталығы Медсестра
5. Мазур Юлия Юрьевна - Бала күтіміндегі демалыста
6. Айтуғанова Гүлнур Айтуғанқызы - Бала күтіміндегі демалыста
7. Жилкишинова Эльмира Мурсалиевна - ТОО Mtrend Business старший менеджер
8. Сепбай Махаббат Ескендірқызы - №6 КДП лаборант
9. Пудина Виктория Викторовна - ИП Бень Н.А
10. Қайдолла Сәндігүл Жұбанышқызы - Бала күтімі демалысында
11. Сулейменова Мария Юрьевна - Бала күтіміндегі демалыста

Қамқоршылық кеңесінің отырысы жыл бойы жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Отырыстарға Қамқоршылық кеңес мүшелерінен басқа әкімшілік пен жергілікті жұртшылық қатысты. Материалдық-техникалық базаны нығайту, дарынды тәрбиеленушілерді, әлеуметтік қамтамасыз етілмеген отбасылардан шыққан балаларды қолдау, балаларға арналған сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру мәселелері қаралды. Бірінші және соңғы отырыста МДҰ басшысының есептері тыңдалды.

Кеңес беру кеңесі жұмысының тиімділік деңгейін талдай отырып, бұл мектепке дейінгі мекеме жыл сайын қолжетімді көлемде жұмыстарды сатып алу және жүргізу үшін бюджеттен қаржыландырылатынын атап өткім келеді. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы балалар мен қызметкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандырады. Осыған байланысты жоспардың барлық тармақтары орындалды.

2-ші сұрақ бойынша:


Қамқоршылық кеңестің төрайымы қатысушыларды мектепке дейінгі ұйымды дамытудың 2023-2026 жылдарға арналған бағдарламасын ескере отырып, Қамқоршылық кеңестің алдағы 2023 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Бұдан әрі Кеңес хатшысы оны талқылауды ұсынды.

Отырыс қорытындысы бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Материалдық-техникалық базаның жай-күйі туралы ақпарат бойынша МДҰ басшысына жәрдемақыларды және т.б алу мәселелерін шешу үшін жолдар мен қосымша шараларды анықтауды тапсыру.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Г.Ж.Бегалиева

Хатшы:  Д.К.Жакаева